


ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 28-29 (8291-8292) Сенбі 21 наурыз 2015 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзақская районная газета



Аудан әкімі Мұратжан Жүнісәліұлы Шүкеевтің аудан тұрғындарын Наурыз мерекесімен құттықтауы

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ, ҚАДІРМЕНДІ АҒАЙЫН! БАРШАҢЫЗДЫ ҰЛЫҚ МЕРЕКЕМІЗ - ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІМЕН ШЫН ЖҮРЕКТЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫН.

КӨКТІҢ ТЫНЫСЫН ТЫҢДАП, ЖЕРДІҢ ТАМЫРЫН БАСҚАН, ТҰРМЫС-ТІРШІЛІГІН ТАБИҒАТ-АНАМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТЫРҒАН ХАЛҚЫМЫЗ НАУРЫЗДЫ ЖАҢАРУ МЕН ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ БАСТАУЫ, ЫРЫС ПЕН БЕРЕКЕНІҢ АРҚАУЫ ДЕП БАҒАЛАҒАН. БАРША МЕРЕКЕЛЕРДІҢ ТӨРЕСІ, КҮН МЕН ТҮН ТЕҢЕЛІП, ЖАҢА КҮН ЖАРҚЫРАП ШЫҒЫП, ТАБИҒАТ-АНА ИСІНІП, ЖЕР-АНА БУСАНЫП, ЖҰМЫР ЖЕР БЕТІНДЕГІ ТІРШІЛІК АТАУЛЫНЫҢ БОЙЫНА ҚАН ЖҮГІРТКЕН БҰЛ МЕРЕКЕНІ ҚАЙ ЖАҒЫНАН АЛЫП ҚАРАСАН ДА ҰЛЫҚ ДЕУГЕ БОЛАДЫ. ШЫҒЫС ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МЕРКЕСІ САНАЛАТЫН НАУРЫЗ АДАМЗАТ АТАУЛЫНЫ ДОСТЫҚ, ТАТУЛЫҚ, ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУҒА, МЕЙІРІМДІ ДЕ ҚАМҚОРЛЫҚТЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ЖАНДАРҒА ЖЕБЕУ БОЛУҒА, СОНЫМЕН БІРГЕ, ТАБИҒАТПЕН ЕТЕНЕ ЖАҚЫН БОЛУҒА ҮНДЕЙДІ. ИӘ, ІЗГІЛІК НҰРЫНА ШОМЫЛДЫРЫП, АДАМГЕРШІЛІК ШУАҒЫНА БӨЛЕЙТІН, ЖЕР-АНАНЫҢ ТОҒЫН ЖІБІТІП, КҮН МЕН ТҮНДІ ТЕҢЕСТІРЕТІН ӨЗ НАУРЫЗ БАРШАМЫЗҒА ОСЫНЫСЫМЕН ДЕ ҚЫМБАТ.

АУДАН ХАЛҚЫ БИЫЛҒЫ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ЗОР ТАБЫСТАРМЕН ҚАРСЫ АЛЫП ОТЫР. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, МӘДЕНИЕТ, СПОРТ, ҚАЙ САЛАНЫ АЛСАҚ ТА БІК НӨТИЖЕЛЕРГЕ ЖЕТУДЕМІЗ. ОСЫЛАЙ АУДАН ЭКОНОМИКАСЫН ӨРКЕНДЕТУМЕН ҚАТАР, АУЫЛДЫҢ АЖАРЫН АШЫП, АБАТТАНДЫРУ ДА, БАУ-БАҚША, ТАЛ-ДАРАҚ ЕГІП, КӨРІКТЕНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ ДЕ КҮН ТӨРТІБІНЕН ТҮСПЕЙТІН МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ. СОНДЫҚТАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ДАМУЫЗДА МАҢЫЗДЫ ОРЫН АЛАТЫН МЕРЕЙЛІ ПЕН ТАБЫСҚА ЖЕТУДІ ТАҢДАП АЛА ОТЫРЫП, АЛҒА ЖЫЛЖУ БАСТЫ МІНДЕТ БОЛЫП ҚАЛА БЕРМЕК.

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!
БАРЛЫҚ ЖАҚСЫЛЫҚТАРДЫҢ БАСТАУЫ - ЖАҢА ЖЫЛ, ЖАҢА КҮН, ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ӨЗ БОЙЫНА ІЗГІЛІК, ДОСТЫҚ, ТӨЗІМДІЛІК СЫНДЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ СІЗІРГЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ДАМУЫЗДА МАҢЫЗДЫ ОРЫН АЛАТЫН МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ. ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН! МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ ОТБАСТАРЫҢЫЗҒА БІРЛІК ПЕН БЕРЕКЕ, ДЕНДЕРІҢІЗГЕ САУЛЫҚ, ЖҰМЫСТАРЫҢЫЗҒА ТАБЫС ӨКЕЛСІН.

«Нұр Отан» партиясы Байзақ аудандық филиалы Саяси кеңесінің құттықтауы

Құрметті аудан тұрғындары!

Қымбатты нұротандықтар!

Сіздерді шын жүректен Ұлыстың Ұлы күні - өз Наурызбен құттықтаймыз!

Бұл - көктемнің шуақты күні, ізгілік пен жақсылықтың мейрамы. Наурыз - жасаңару мен жасаңпаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы болған мереке.

Наурыз қазақстандықтар үшін жалтұмұлттық бейбітшілік пен келісім мейрамына айналды. Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың арасындағы достықты бекітуге, бауырластық қарым - қатынастардың нығайтуына, әр ұлттың салт-дәстүрінің қайта жаңғыруына осы мейрам үлкен септігін тиістің отыр.

Биылғы Наурыз мерекесін аудан жұртышылығы береке-бірлік, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алып отыр. Аудан халқы Елбасымыздың «Нұрлы жол

— болашаққа бастар жол» атты Жолдауынан туындайтын міндеттерді орындау жолында аялбай еңбек етуде.

Қазіргі таңда, аудан тұрғындары еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуымен мақтана алады. Халқымыздың өз мүнкіндіктеріне деген сенімдері арта түсіп, бай рухани мұралары болашақ жолындағы жарқын істеріне қуат береді деп сенеміз.

Құрметті байзақтықтар!
Тың табыстарға жету, еліміздің өркендеуі — халқымыздың ынтымағы мен береке-бірлігіне байланысты. Сондықтан да алдағы ортақ мақсатқа жетудегі ұйымшылдығымыз, бірлігіміз арта берсін.

Наурыз мейрамы - елімізге тыныштық, әр шаңыраққа құт-береке әкелсін! Баршаңызға амандық, мықты денсаулық, дастархандарыңызға молшылық тілейміз.

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

ҚҰРМЕТТІ БАЙЗАҚТЫҚТАР!

Сіздердің баршаңызды Ұлыстың Ұлы күні — «Наурыз» мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Күн мен түн теңескен Наурыз — жаңару мен жасару айы. Наурыз — табиғатты түлетіп, тұрмысты түзететін, тіршілік бұр жарған көктем мен еңбек тойы. Жаңа жылдың жаршысындай бұл күнді халқымыз ақ тілеудің, пәк пейілдің күні деп бекер айтпаса керек.

Тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуымен бірге Наурыз мейрамы жалпы халықтық мерекеге - ұлтына, діни сеніміне қарамастан Қазақстанды мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстардың ортақ мерекесіне айналды. Халықтар арасындағы достықты бекітуде, бауырластық қарым-қатынастардың нығайтуында, әр ұлттың салт-дәстүрінің қайта жаңғыруында бұл мейрамның орны ерекше. Сондықтан Елбасы Н.Назарбаев «Наурыз — Қазақстан халқын біріктіретін ортақ мерекеге айналды» деп оның мән-маңызын атап көрсетті.

Байзақтықтар да Наурыз мерекесін көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алып, ата-баба салтымен наурыз көже пісіріп, бір-біріне жақсы тілек тілейді. Осындай ізгі дәстүрлер аясында АРАЗДАСҚАН ЖАНДАР ӨКПЕ-РЕНІШТЕРІН ұмытып, бір-бірін кешіріп жатқаны, әр адам ағаш отырғызып, бұлақтың көзін аршып, өткенге құрмет көрсетіп, ата-баба рухына тағзым жасап жатқаны мерекенің мәнін арттырып қана қоймай, елдігімізді бекіте түсетіні анық.

Наурыз мейрамымен бірге келетін жаңа жылымызда осы уақытқа дейін қол жеткізген жетістіктеріміз одан әрі жалғасын тауып, мақсат-мұраттарымыз орындалғанын қалаймыз.

Қадірлі ағайын!

Жаңа жылдымыздың жаңа күнінің алғашқы нұры баршаңызға бақ-береке, өзара түсіністік пен болашаққа деген сенімділік әкелсін! Лайым, еліміздің алға басқан әр қадамы сәтті болып, әрбір шаңырақта ырыздық пен береке нұры шалқысын!

Наурыз мейрамы құтты болсын!

Аудандық ардагерлер кеңесі.



Аудан орталығында НАУРЫЗ мерекесіне орай өткізілетін іс-шаралар БАҒДАРЛАМАСЫ

21 НАУРЫЗ, ОРТАЛЫҚ АЛАҢ: 9.00-10.00-ДЕ - РАДИОКОНЦЕРТ. 10.00-11.00-ДЕ – АУДАНДЫҚ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ОРТАЛЫҒЫ ӨНЕРПАЗДАРЫНЫҢ КОНЦЕРТІ, АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ. 11.00-12.30-ДА – НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛҒАН КОМПОЗИЦИАЛЫҚ ҚОЙЫЛЫМ. САРЫКЕМЕР ОРТА МЕКТЕБІ – ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА 550 ЖЫЛ. Ғ.МҰРАТБАЕВ МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ – АССАМБЛЕЯ ЖЫЛЫ АЯСЫНДА «ТАТУЛЫҚ, БІРЛІК», ЖЕҢІСКЕ 70 ЖЫЛ. 12.30-14.00-ДЕ - АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ САЗ МЕКТЕБІ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ 40 ЖЫЛДЫҒЫ, Н.КИИКАЕВ ОРТА МЕКТЕПТЕРІ МЕН БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ОРТАЛЫҒЫНЫҢ МЕРЕКЕЛІК ШАШУЫ. 14.00-14.30-ДА – НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНЕ ҚАТЫСҚАН ҰЗДІК МЕКЕМЕ, АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДІ МАРАПАТТАУ РӘСІМІ. **ОРТАЛЫҚ САЯБАҚТА:** 11.00-14.00- АРАЛЫҒЫНДА –КӨПШІЛІК СПОРТТЫҚ ОЙЫНДАРДАН (АРҚАН ТАРТУ, ҚОЛ КҮРЕСІ, КІР ТАСЫН КӨТЕРУДЕН) ЖАРЫС, КӨПШІЛІК СЕРУЕНІ.

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫНАН

КҮН ТӨРТІБІНДЕ-ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

С.Қалмұратов, “Ауыл жаңалығы”.

Антаның сәрсенбісі күні, аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудандық мәслихаттың кезекті XXXVII сессиясы болып өтті. Аудан әкімі М.Шүкеев пен орынбасарлары, аудандық мәслихат хатшысы Н.Үкібаев, ауылдық округ әкімдері мен бөлім, кәсіпорып, мекеме басшылары қатысқан сессияға Бұрыл сайлау округінен сайланған депутат Е.Әшірбеков төрағалық жасады. Сессия күн тәртібіне он бір мәселе шығарылды.

Алдыңғы сессия қатысушылары алдында аудан әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Б.Сағынбеков ауданда агроөнеркәсіп кешенін дамыту және аудан тұрғындарының тұрмыс деңгейін көтерудің негізін қалыптастыру мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар жайлы баяндады.

Ауданның экономикалық негізгі бөлігі ауыл шаруашылығы секторына тиесілі болғандықтан аудандағы ауыл шаруашылығын жүргізуші субъектілердің басым бөлігі дәнді дақылдармен қатар, көкөніс, бақша, майлы дақылдар және мал шаруашылығымен айналысуда. Соңғы жылдары орын алған экономикалық қиындықтарға қарамастан, өңірдегі ауыл шаруашылығы саласында тұрақтылық байқалауда-деп, бастады өз сөзін Болат Мырзаханұлы. Өткен жылы аудандағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жалпы 56826 гектар жердің 27739 гектары суармалы, ал 29087 гектары тәлімі жерді құраған. Сондай-ақ өткен жылда ауыл шаруашылық өнімдерінің жалпы көлемі 20 млрд. 828 млн. теңгеге құрал, нақты көлем индексі 104,4 пайызға жеткен. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 5 млрд. 728 млн. теңгеге ауыл шаруашылық өнімдері артық өндірілгені.

Сонымен қатар, баяндамашы өз саласына қатысты көктемгі егіс-дала жұмыстарының орындалу барысы,

жиналған масақты дәнді дақылдардың түсімі, сараптамадан өткізілуі тиіс тұқым көлемі, мақсары өнімділігі, ауыл шаруашылық техникаларының дайындығы, тұрғындарды көкөніспен қамтамасыз ету, жылыжай жұмысын үйлестіру, лизингтік жүйе бойынша техника сатып алу, субсидиялау жұмыстары, мал шаруашылығын дамыту негізіндегі атқарылған шаралар, ұсақ шаруаларды ірілендіру,

бойынша атқарылып жатқан істерге тоқталып, ұсыныстарын жеткізді.

Сонымен қатар, күн тәртібіне шығарылған өзекті мәселенің бірі – «2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Байзақ аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №36-3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы аудан әкімдігі экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің



мемлекеттік «Сыбаға», «Құлан», «Алтын асық» бағдарламаларының жүзеге асуы, ағын су мәселесі, ташылтатып және жандырлатып суару технологияларын қолдану жолдары, тыңайтқыштарға қол жеткізу, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы орындалып жатқан жұмыстар жөнінде жан-жақты баяндап берді.

Баяндама аяқталған соң №5 Суханбаев сайлау округінен депутат С.Молдабеков, Жаңатұрмыс ауылдық округінің әкімі Қ.Шалбаев, «Жадыра» ауылдық тұтыну кооперативінің жетекшісі Г.Даулетбаевалар жарысөзге шығып, өз салалары

басшысы Д.Сұлтанбековтің хабарламасы тыңдалды. Бөлім басшысы ауданның 2015-2017 жылдарға арналған бюджетіне түсініктеме беріп өтті.

Жоғарыда аталған мәселелермен қатар, күн тәртібіндегі өзге де мәселелер бойынша мәслихат депутаттары мен түрлі сала басшылары көкейдегі сауалдарын жолдап, тұщымды жауаптарын алды. Сессия барысында бұдан бөлек әртүрлі мәселелер қаралып, тиісті шешімдер қабылданды.

Аудандық мәслихаттың кезекті XXXVIII сессиясына төраға болып, №2 Амангелді сайлау округінен депутат А.Исабаев сайланды.

Өз Наурыз – еңбек пен тазалықтың мерекесі

А.Қайыпназарқызы, “Ауыл жаңалығы”.

Өз Наурыз ертеден келе жатқан - бірлік пен берекеге, үміт пен сенімге, татулық пен тазалыққа, еңбекке шақыратын ерекше мереке. Шығыс халықтарының жаңа жылы ретінде тойланатын айтулы мейрам – жаңару мен жасампаздықты талап етеді. Сондықтан да күн көзі күлімдеп, көк шыға бастағаннан-ақ ата-бабамыз тыныш қарап жатпай, Наурыз мерекесін күтіп алуға ерте бастан



қамданаан. Тіршілік қайта тіріліп, жанданаан уақытта айналаны тазартып, бұлақ көзін ашқан. Науша Наурызды тазалықта қарсы алу үшін күні бүгінге дейін де жалаасуда.

Бейсенбі, 19 наурыз күні байзақтық барша тұрғын қолдарына құрал-саймандарын алып, айналаны тазартты.

Аудан орталығы Сарыкемер ауылының кіре берісінен бастап орталықтағы Байзақ батыр көшесінің бойында сенбілік өткізген еңбек ұжымдары жол бойындағы бағаналарды сырлап, тал бұтақтарын кесіп-реттеді.

Барлығы бұл күні 700-ге жуық адамның күшімен 200 терек жерге қондырылып, 3,0 шақырым каналдар мен арықтар тазаланды. 700 тал өкпеліп, саябақтар мен скверлердің айналасы абаттандырылды. 28 тонна қоқыс сыртқа шығарылды. Сонымен қатар, 5 кездейсоқ қоқыс тегетін орындар жойылып, қажетті жерлерге жарық қондырғылары орнатылды.

Осылайша Ұлыстың Ұлы күнінен мол ырыс күткен көпшіліктің көмегімен өлкеміздің келбеті көркейтіле түсті.

Мерекеге орай, республикамыз көлемінде қолға алынған тазалық шарасы өңіріміздің өзге де ауылдық округтерінде өткізілді.

ҒАСЫР ЖАСАҒАН аналар ардақталуда

Г. Әбдіқұлова.
«Ауыл жаңалығы».

Әйел-қай заманда да отбасы, ошақ қасының ұйытқысы, ырыс пен ынтымақтың асыл қазығы, алтын діңгегі болған. Азамат – үйдің иесі болса, әйелдер – үйдің киесі. Дүниеге саби келтіріп мәпелейтін, ұрпағын тәрбиелейтін, халқының береке-бірлігін сақтайтын да – әйелдер. «Әкеден – өсиет, анадан – қасиет» демекші, ақылымен елді аузына қаратқан, тәрбиелі, үлгілі ұрпақ таратқан, есімі аңызға айналған қасиетті аналарымыз ұлын ұлағатты, қызын парасатты етіп тәрбиелеген. Осындай аналарымыздың арасында ғасырды бағындырғандар 4-еу. Олардың үшеуі-жүзде, біреуі-10-ге.



Ұлыстың ұлы күні қарсаңында аудандық іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы Тазақұл Қадимова бастаған кәсіпкер әйелдер қауымы Дихан, Түймекент және Суханбаев ауылдық округтерінде ғасыр жасаған кейуаналардың отбасында болып, ұлық мерекемен құттықтады.

Қазыналы қарияларымыздың бірі- Дихан ауылдық округіне қарасты Аймантөбе ауылында тұратын Күләш Нұртаева 2 жасында анасынан жетім қалған. Оның жастық шағы ұжымдастыру, аштық, қуғын-сүргін, Ұлы Отан соғысы, соғыстан кейінгі қиыншылықтармен тұспа-тұс келіпті. Сушы, қызылшашы болып өскен еткен ол Ленин атындағы ұжымшардың есіп-өркендеуіне елеулі үлес қосқан. Қазіргі таңда 22 немере, 52 шөбере, 11 шөпшектің ортасында бақытты ғұмыр кешкен анаға деген жүрекжарды лебізін кәсіпкер Л. Жабатаева білдіріп, іскер әйелдер атынан бағалы сыйлықты тарту етті. Ал Күләш әжей барша ұрпаққа тек бақыт пен жақсылық тілеп, батасын берді.

Түймекент ауылының тұрғыны Гүлжан Қуанқызы 104-ші көктемін қарсы алып отыр. Қос ғасырдың күесі-Гүлжан әйелі 1911 жылы Өзбекстан Республикасына қарасты Қарақалпақстанның «Ерлікала» ауылында дүниеге келіпті. Балалық шағы елдің басына түскен ауыр кезеңдермен қатар келіп, бұғанасы қатпай жатып, қара жұмысқа жегіледі. Сол замандағы ақтардың

дүрбелені, қазақ төңкерісі, ұжымдастыру, аштық нәубеті, 1937 жылғы репрессия, 1941-45 жылдардағы Отан соғысындағы еңсе езер ауыртпалықтарды бастан өткерген Гүлжан Құтманова: «Жалғыз ұлым Молдабек пен төрт қызымнан тараған 25 немере, 20 шөбере, 5 шөпшектің ортасында отырғанымды Алланың маған берген сыйы деп білемін. Елімізде әрдайым тыныштық, әр шаңырақтан береке көтесін. Тәуелсіз еліміздің мәртебесі биік, Елбасымыз, халқымыз аман болсын. Бәріне меней ғұмырлы жас берсін» деп батасын берді. Мақта егіп, канал қазған, түйе бағып, «атақты түйеші» болған әжеміздің отбасы 1997 жылы ата мекенге қоныс аударған екен. Ал ғасыр жасаған суханбайлық Райхан Шомаеваның қимылы өте ширақ. Ешкімнің көмегісіз өзі жүріп тұратын, әлемдегі бар жаңалықтардан хабары бар анамыз өткен ғасырдың бар ауыртпалығын қайыспай көтерген. Жас кезінен колхоз шаруасына белсене араласқан. Егін орып, шөп жинаған, астық бастырған, өгіз арбамен зауытқа қант қызылшасын тасыған, сушы, егінші, қызылшашы да болған. Ел басына күн туған шақта соғысқа аттанған қосағы-Нәметқұлдан («қаралы қағазды» алмағандықтан) бүгінгі күнге дейін күдерін үзбеген Райхан анамыз жастық ғұмырын да, алдан көрер қызығы мен үмітін де жалғыз ұлы Нұрлыбектің жолына бағыштаған аналардың бірегейі.

Әз дәуірінде ерке қыз, иманды әйел, бүгінде шуақты әже атанған Райхан Әлібекқызы адам бойынан тек жақсылықты көреді. Елдің бірлік, ынтымағын ойлаған абыз ананы торқалы тойымен аудандық іскер әйелдер қауымдастығының басшысы Тазақұл Қадимқызы бастаған іскер әйелдер қауымы құттықтап, қолына күміс білезік салып, иығына орнамал жапты. Әмірдің ашысын да, тұщысын да көрген әжеміз өзін құрметтеп келгендерге алғысын айтып, батасын берді.

ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ НАУРЫЗ!

КЕМІНДЕ БЕС МЫҢ ЖЫЛДЫҚ ТАРИХЫ БАР НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ ӨТЕ КӨНЕ МЕЙРАМ БОЛЫП САНАЛАДЫ. 22 НАУРЫЗ КҮНІ - КҮН МЕН ТҮН ТЕҢЕСЕДІ, ТАБИҒАТ АНА ҚҰЛПЫРАДЫ. ЖЕР-АНА БУСАНЫП, ЖҰМЫР ЖЕР БЕТІНДЕГІ ЖАНДЫ НӘРСЕПЕРДІҢ БОЙЫНА ҚАН ЖҮГІРЕДІ. АҒАШТАР БҮРШІК ЖАРА БАСТАЙДЫ. ТҮТАСТАЙ АҒАҒАДА, ЖЕР БЕТІНДЕГІ ЖАҢА КҮН ШЫҒАДЫ.

Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында орын алған. Бұл мейрамды ежелгі гректер «патрих», бирмалықтар «су мейрамы», тәжіктер «гул гардон», «бәйшешек», «гулнаурыз», хорезмдіктер «наусарджи», татарлар «нардуган», буряттар «сазан сара», соғдылықтар «наусарыз», армяндар «наварсари», чуваштар «норис ояхе» деп түрліше атаған.

Наурыз – бұл тек көктемнің ғана емес, еңбектің, бірлік пен ынтымақтың мейрамы. Кеңес өкіметінің алғашқы кезеңдерінде (1920 – 1925 жж.) шығыс халықтары бұл мерекені атап өткенімен, 1926 жылы ол «діни мейрам», «ескілік сарқыншағы» деп танылып тоқтатылды, бірақ Қазақстанның бар аумақтарында жасырын түрде сақталып қалды. 1988 жылдан Алматы қаласында, республиканың көптеген аудандарында Наурыз жалтхалықтық мейрам ретінде қайта тойлана бастады.

«Әз-Наурыз» деп атаған халқымыздың ежелгі наным-түсінігінде «наурыз-дың алғашқы үш күнінде жер-кокті жарып ерекше дыбыс (зүйл) естіледі. Сонымен бұл күні бүкіл табиғатқа, тіршілік иесіне, өсімдік, жан-жануарға ерекше сезім, қуат, қасиет нұры құйылады. Сол себепті, халқымыз «Әз болмай, мәз болмайды» деген.

Тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуымен бірге Наурыз мейрамы барлық қазақстандықтар үшін жалпы халықтық мерекесіне айналды. Халқымыз үшін бұл күн қашанда ырыс пен ынтымақтың, татулық пен бірліктің, жастықтың және жаңғырудың мерекесі. Ұлыстың ұлы күні елдің басы бір арнаға тоғысып, бірлігі бекемделіп, елдік мұраттар сақталады. Елдің татулық пен келісімде өмір кешуі, барша азаматтардың тұрмысы мен тегіне қарамастан тең құқыққа ие болуы күн мен түн теңесіп, табиғатта, әлемде теңдік орнайтын, Наурыздың қағидаттарына тура келеді.

Негізінен ұлыс күні жыл басы саналған.



Халықтың мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыз түні даланы Қыдыр аралайды. Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киген. Ауылдың ер адамдары бір-бірімен қос қолдасып, тос қақпастырады; әйелдер қуақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекесіне арнап дайындаған наурыз көже ішуге шақырады. Оған қойдың басы мен сүр ет салып пісірілуі – қыс тағамымен (етпен) қоштасуды, құрамына ақтын қосылуы – жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышуды білдіреді. Әдетте, осы күні адамдар арам пиязы, пендейшілік атаулыдан тазарып, ар-ожданы алдында арғылады. Ауыл ақсақалдары оларарына жігіт тускен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған, жалғыз жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау еткен. Кембағал, мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған. Жұтқа ұшырап қиналғандарға жылы жинап берген. Таң ата көпшілік биік төбенің басына шығып, атқан таң шапағатын қарсы алып, тазаланған арықтарға су жіберуден, ағаш отырғызып, гул егу рәсімін өткізуден бастайтын болған. Алтыбақан

басында ән айтылып, күй тартылады. Дәстүрлі ұлттық ойындар (қокпар, аударыспақ, күрес, қыз қуу, атыбақан, тең көтеру, т.б.) ойналады. Наурыздан кейінгі 2-ші күні жұрт жаппай көктемгі есікке кіріседі екен.

Бүгінде Наурыз мерекесі - жүзден астам ұлт өкілдері мекен еткен бүгінгі тәуелсіз Қазақстанда еңсесі биік елдіктің, іргесі сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесіне айналды. Наурыз-халқымыздың діні мен тілін, дәстүрі мен тарихын түгендейтін, өткенін еске түсіріп, қол жеткізген жетістігін халыққа паш ететін күн. Күн мен түн теңелетін, ырысы мол мереке біздің жан – дүниемізді шуаққа бөлейді, ой – ниетімізді таза арнаға бұрады. Бұл күні біз өткен жылы жасаған жұмысымызға есеп беріп, келешекке жоспар құрамыз, тәуелсіз еліміздің өркендеп, өсуі жолында жаңа бастамаларға негіз қалаймыз.

Ұлыстың ұлы күні ақ жазулықты аналарымыз қазан көтеріп, наурыз көжесін пісіреді. Дастарханнан жайып, дархан пейілмен дәм береді. Ер-азаматтар ауыл маңайындағы бұлақтардың көзін ашып, ағаш отырғызады. Игі дәстүрмен қайырымдылық көмек көрсетеді. Сөйтіп, жекпіден өсіп келе жатқан ұл-қызына, ұрпағына ынтымақ пен бірліктің,

еңбектің мәнін түсіндіріп, санасына сіңіреді. Демек осынау әрбір игі істің, ата дәстүрдің астарында ғасырлар бойы сабақтастығын үзбей жеткен ұлы даланың далалығы, халқымыздың өшпес өсиеті жатыр.

Наурыз күні салт-дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрпымыз барынша ұлықталып, мереке думанға айналады. Бар жақсысын кінген адамдар жарқын жүзбен, көтеріңкі көңіл күймен амандасып, бірін-бірі шын пейілмен құттықтайды. Қаз-қатар тігілген киіз үйлер жанында бозбалалар мен бойжеткендер алтыбақанда тербелсе, ақ жазулықты әжежер мен апайлар ұлттық тағамдар пісіріп, өз Наурыз мерекесінің басты асы-дәмділігі тіл үйретін наурызкөже таратылады, кең жайлаған дастарханнан көпшілік дәм татып, халық өндері әуелейді.

Олай болса, жыл он екі айда сағындырып келетін ұлыстың ұлы күні-Наурыз құтты болсын! Еліміз аман, жұрттамыз тыныш, егемен еліміздің мәртебесі биік, мерейі үстем болсын! Әз-Наурыздағы барша тілжіктерің орындалып, әр шаңыраққа Қыдыр қонып, бақ дарысын!

Әртүрлі басылымдардан әзірленді.

БӘРЕКЕЛДІ!

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Жуырда Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті Елбасының «Нұрлы жол-Жолдауы аясында «Үздік салық төлеуші» байқауы жеңімпаздарын марапаттау рәсімін өткізді. Аталмыш жиынды департамент басшысы Асқар Тынысбеков ашып, үстіміздегі жылғы салық заңнамаларына өзгерістер енгізіліп, салық жинаудың жаңа тәртіптері бекітілгенін айтты. Осы және басқа да енгізілген өзгерістер бизнестің дамуына алдағы уақытта оң әсерін тигізеді. Салық түсімдері облыс бойынша жыл сайын артып келеді. Әріне, бұл салық түсімдеріне жеке кәсіпкерлердің қосып отырған үлестерінің қомақты екенін білдіреді. Сондықтан бұрын министрлік деңгейде ғана өткізіліп келген «Үздік салық төлеуші» атағына үміткерлерді марапаттау шарасы биыл бірінші рет облыстық деңгейде ұйымдастырылып отыр. Бұл біріншіден салық төлеушілерге деген құрмет, екіншіден өзге салық төлеушілерге үлгі ретінде өткізілуде-деді, өз сөзінде А. Тынысбеков.



серіктестігінің басшысы Ерлан Жартыбаев оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимі бойынша номинацияда үздік салық төлеушілер деп танылып, Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Асқар Тынысбековтің арнайы Грамотасымен марапатталды.

Өз тілшіміз.

В БЕСЕДЕ ЗА «КРУГЛЫМ СТОЛОМ»

Р.Джакипбаева,
«Ауыл жаңалығы».

В офисе Байзакского филиала партии «Нұр Отан» прошёл «круглый стол» с участием членов Политсовета партии «Нұр Отан», депутатов районного маслихата. Также на нём присутствовали предприниматели, люди с ограниченными возможностями.

Темой «круглого стола» было: «Создание рабочих мест для людей с ограниченными возможностями в рамках программы «Дорожная карта занятости-2020». Её цель - разговор заинтересованных лиц о том, как реализуется программа государства по обеспечению прав и улучшению качества жизни инвалидов в республике, в частности - ход выполнения государственной программы «Дорожная карта занятости-2020».

По этому вопросу выступил первый заместитель председателя Байзакского филиала партии «Нұр Отан» Н.Тлепов. Он отметил, что государством уделяется большое внимание проблемам людей с ограниченными возможностями.

Изменяется инфраструктура в городах и районах с учётом их потребностей в передвижении на коляске. Проводятся армяки вакансий для инвалидов. Если в прошлом году было запланировано построить на работу 35 инвалидов, в действительности было трудоустроено 55. Из них 32 - на постоянную работу (водитель, электрик, техника, охранник), 14 - заняты на общественных работах, 4 - по молодежной практике, 5 - открыты социальные рабочие места. Также рассказав об основных направлениях и мероприятиях по обеспечению прав и улучшению качества жизни инвалидов. Это меры социальной поддержки, организация

социального обслуживания инвалидов на дому и в социальных учреждениях, переподготовка и создание специальных рабочих мест, блок вопросов по медикаментозному и техническому обеспечению инвалидов, уровень медицинского обслуживания, транспорт для инвалидов, санаторно-курортное лечение. Было сказано и о проблемах детей-инвалидов.

Затем выступили член бюро Политсовета Байзакского филиала



партии «Нұр Отан» М.Калабаев, председатель районного «Общества слепых» Е.Мухамбет. Последний отметил, что в районе оказывается всяческая помощь людям с ограниченными возможностями. Но, тем не менее, есть и проблемы, решение которых ждёт своего часа.

Участники «круглого стола» говорили о наиболее. Главной темой данной встречи было изменение подхода к вопросу об инвалидах, сделать всё возможное, чтобы люди с ограниченными возможностями смогли не только получать от государства помощь, но и имели возможность реализовать себя в качестве полноправных членов нашего общества.

НАУРЫЗ — ПРАЗДНИК ВЕСНЫ И НОВОСТЕЙ

Р.Ясарова,
судья специализированного
межрайонного экономического
суда области.

Праздник Наурыз - один из самых древних праздников на Земле. Он отмечается уже более пяти тысяч лет как праздник весны и обновления природы многими народами Средней Азии, а по некоторым данным - и у восточных славян.

Исторические сведения об этом празднике встречаются в трудах многих античных и средневековых авторов. По восточному летоисчислению он соответствует иранскому Новому году (Наурыз). Из поколения в поколение передавали традиции празднования Наурыза казахи, узбеки, уйгуры. Таджики называли его «Гульгардон» или «Гульнарвруз», татары - «Нардуган», а древним грекам он был известен как «Патрих». Корни праздника можно отыскать в древних языческих обрядах. Сама по себе форма празднования с глубокой древности несла в себе принципы любви к природе. Несмотря на давность этот праздник сохранился в народной памяти, а в настоящее время приобрёл новый духовно-эстетический смысл.

В далёком прошлом казахи называли Наурыз - Діңм ұлуca - народа или Великим днём ұлуca. В народе повелось: чем щедрее



будет отмечен праздник Наурыз, тем благополучнее пройдёт год. Отсюда - изобилие праздничных обычаев и атрибутов. Н а к а н у н е п р а з д н и к а в е с е н н е г о равноденствия люди приводили в порядок жильё, распахивались с долгами, находившиеся в ссоре мирились, ибо, как утверждали старики, когда Наурыз входит в их дома, все болезни

и неудачи должны обходить их стороной. В ночь перед торжеством в знак пожелания обилия молока, урожая и дождя все ёмкости наполняли молоком, айраном, зерном, ключевой водой, а в день Наурыза все старались быть в добром расположении духа, при встрече заключали друг друга в объятия, высказывали самые добрые пожелания, чтобы все невзгоды и беды миновали их.

История праздника Наурызимеет непростую судьбу. В эпоху сложения тоталитарной системы, когда всё национальное было признано несущественным, а все упоминания

о традиционном наследии причислены к анахронизмам и пережиткам древности. Наурыз мейрамы был отменён (1926 г.). Первые после долгих лет забвения в Казахстане он праздновался в 1988 году и, как ни странно, получил широкий общественный резонанс. Официальное признание праздник Наурыз приобрёл 15 марта 1991 года после выхода Указа Президента Казахской ССР «О народном празднике весны - «Наурыз мейрамы». Президент страны объявил 22 марта - День весеннего равноденствия, праздничным днём - «Наурыз мейрамы». С этого времени началось широкое празднование «Наурыз мейрамы» по всей республике.

Безусловно, современные очертания праздника существенно отличаются от их прежнего содержания. Это не только театрализованные представления и богато убранные юрты, вкусно приготовленные наурыз-коже, но и проведение благотворительных акций, народно-спортивных игр, уход за зелёными насаждениями, посадка деревьев, очистка парковых и других зон отдыха, улиц и площадей.

В наши дни «Наурыз мейрамы» стал общенародным праздником весны, труда и единства. Сегодня этот праздник одинаково дорог всем народам, живущим в многонациональном Казахстане. Древний праздник Наурыз гармонично трансформировался в современную жизнь, сохранив преемственность традиций древности.

В ЗАЩИТУ ПРАВ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ

В Байзакском филиале Палаты предпринимателей состоялась акция «Защита бизнеса на селе». В ней приняли участие начальник отдела предпринимательства и промышленности акимата района Д.Наурызбаев, помощник прокурора Жамбылской области А.Алтаев, помощник прокурора района Е.Бибысов, эксперт 1 категории региональной Палаты предпринимателей Жамбылской области Н. Ергешбаев, предприниматели района.

На повестке дня был вопрос: «Выявление административных барьеров, тормозящих развитие малого и среднего бизнеса государственными и иными организациями». Целью акции было рассмотрение и обсуждение проблем предпринимателей при получении разрешительной документации, при ведении бизнеса на предмет выявления административных барьеров. Акция направлена на защиту прав субъектов предпринимательства в сельской местности.

С вступительным словом выступил директор Байзакского филиала Палаты предпринимателей Жамбылской области Д.Нуралиев, который в своей речи рассказал о том, что основными функциями в работе должно быть соблюдение порядка оказания государственных услуг в сфере архитектуры, градостроительной и строительной деятельности, а также в сфере выдачи разрешений на размещение наружной рекламы; соблюдение порядка оказания государственных услуг в сфере архитектуры, градостроительной и строительной деятельности, а также в сфере выдачи разрешений на размещение наружной рекламы; соблюдение порядка оказания государственных услуг в сфере архитектуры, градостроительной и строительной деятельности, а также в сфере выдачи разрешений на размещение наружной рекламы; соблюдение порядка оказания государственных услуг в сфере архитектуры, градостроительной и строительной деятельности, а также в сфере выдачи разрешений на размещение наружной рекламы.



субъектов рынка, занимающих доминирующее или монопольное положение на рынке.

Выступивший в свою очередь помощник прокурора Жамбылской области А.Алтаев отметил что: «Казахстан является той страной, где создан благоприятный климат для создания и ведения бизнеса. Защита прав предпринимателей на сегодняшний день - это приоритет государства в развитии экономики страны и улучшения её благосостояния и является основным механизмом работы прокуратуры. И все предприниматели, у

предприниматели района В.Лесняк, М.Есенбеков, Р.Мамбетова, Н.Есентаев, с которыми мы пришлось столкнуться при ведении своего бизнеса. К примеру, двое предпринимателей по отдельным вопросам обратились в городскую архитектуру и акимат города Тараз, но безответно, с этим мы общались помочь работников прокуратуры и Байзакского филиала Палаты предпринимателей.

Все возникшие во время акции вопросы взяты на контроль.

Наш корр.